

Түііткіл



Түііні тарқаммаған мәселе көп, ал заң орындары үнсіз

Жыл басында ҚР Бас прокуратурасы кәсіпкерлікті қорғауға қатысты жиын өткізді. Онда бизнес қауымдастығы тарапынан жүйелі түрде көтерілетін мәселелер талқыланып, қордаланған мәселелер прокурорлардың қаперіне тағы бір ұсынылды.

Жер дауы өршіп тұр

Жиын барысында кәсіпкерлердің мұң-мұқтажын арқалаған «Атамекен одағы» палатасының басқарма төрағасы **Абылай Мырзахметов** бизнес үшін аса өзекті мәселе болып тұрған басты үш мәселеге назар аударды. Оның бірі жер қатынастары саласындағы тәртіпсіздік, яғни белгілі бір қалыптасқан тәртіптің жоқтығына байланысты кәсіпкерлер арасында жер дауы белең алып отырғаны жасырын емес. Оның айтуынша, қазір кәсіпкерлік үшін әкімдіктен жер телімін алу қиямет-қайым. Бизнеске қажетті жер телімдерін иеленгісі келетіндер үшін анық әрі қарапайым тәртіп жоқ. Сонымен қатар жер қатынастары саласындағы ақпаратқа қол жеткізу қарапайым кәсіпкерге де еш мүмкін болмай отырғаны жасы-



рын емес. «Жерге құқық иеленгісі келетін кәсіпкерге кедергі көп. Ондай кедергілер тіпті өтініш беруден басталады. Мәселен, біз жерге қатысты өтініштің қандай да бір үлгісін бүкіл әкімдіктің сайтынан ақтарып таба алмадық. Тек Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында ғана жер

иеленуге қатысты нақты схема көрсетілген», – деді Абылай Мырзахметов. Сөйтіп, қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс шараны әкімдіктерге күрделендіріп жіберген.

70 млн. доллардан қағылды

Қадағалаушы органның қаперіне айтылған өтініштің тағы бірі мемлекеттік органдардың өзіміздің кәсіпкерлерді қорғайтынына қатысты. «Біздің кәсіпкерлерге интеграция, Кеден одағы шеңберінде әрекет ету оңай болып отырған жоқ. Әйтсе де мемлекеттік органдар қазақстандық компаниялардың мүддесін толық қорғаймыз. Бұған әзір емес те секілді. Біз шекараны аштық, бәсекелестікті еркіне бердік. Алайда Ресей мен Беларусьқа қарағанда бізде кедергі көп», – деп Абылай Исабекұлы мән-жайды жасырмай айтты. Осыған орай, кәсіпкерлер қауымдастығының басшысы бір мысалды алға тартты. «Қарапайым квотаны бөлуде қазақстандық тасымалдаушы

«ҚазАТО» компаниясы 70 млн. доллардан қағылды. Яғни, біздің бюджет 7 млн. доллардан құр алақан қалды деген сөз. Есесіне, сол қаражат белоруссиялық және ресейлік компаниялардың қалтасына кетіп, олар Қазақстан аумағында тасымалды атқарып, еркін сайрандап жүр. Менің ойымша, мұндай квотаны біздің тасымалдаушылар алуы керек еді. Ендеше, біздің органдар қауқарсыздық танытып отыр», – деді Абылай Мырзахметов. Оның түсіндіруінше, қазіргі таңда Ресейде арнайы режимдер енгізілген. Соған сәйкес, ол елге жүк жеткізуді тек сертификатталған тасымалдаушы ғана атқарады. Түсінгеніміз, кедендік баж жоқ, шекара ашық болғанымен, қазақстандық кәсіпкерлер өз тауарларын Ресейге өткізу үшін сол елден сертификатталған тасымалдаушыны іздеп әуреге түседі. Ал, есесіне, ресейліктер еш кедергісіз Қазақстан аумағына транзитін жүзеге асыра алады. «Сондықтан да ұлттық органдар бәсекелестік үшін тең жағдай жасаса игі. Әйтпесе мынадай кемсітушілік



фактілері кері әсер тигізетіні айқын», – дейді төраға.

Құрғақ статистика

Прокурорлар әдеттегідей әңгімесін статистикадан бастады. Олар өткен жылы 7,5 мыңға тарта кәсіпкердің құқықын қорғандарын алға тартты. «2012 жылы кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіруге қатысты фактілері аясында 1200 тексеру жүргізіліп, оның нәтижесінде 15 мыңнан астам заңбұзушылық анықталған. Осыған орай, заңсыз әрекеттерді жою мақсатында прокурорлық қадағалаудың 1700 актісі енгізілді. Кәсіпкерлік мүддесіне кері әсер ететін 790 заңсыз актіні жүзеге асыруға тыйым салынды немесе олар өзгертілді. Түрлі жауапкершілікке 1040 тұлға тартылды», – деді Бас прокурордың орынбасары **Андрей Кравченко**. Сондай-ақ, ол бұл бағыттағы жұмыстар 2013 жылы да жалғасатыны да кәсіпкерлердің есіне салып өтті. Олардың тағы айтқаны кәсіпкерлерді тексеруге келген қадағалаушы органдардың заңды-заңсыз келгенін 1012 нөмірі бойынша білуге болатынын тілге тиек етті. Прокурордың айтуынша, өткен жылдан бастап бақылаушы-қадағалаушы органдардың тексеру тағайындау туралы барлық актілері құқықтық статистика органында тіркелуі тиіс. Бұл процедура кәсіпкерді тексере келген органның оған құқығы бар-жоғын анықтаумен қатар, тексерудің жоспарлылығы мен жүзеге асуы барысындағы заңбұзушылықтарды анықтауға, сол арқылы кезекті тексеруді тіркеуден бас тартуға мүмкіндік беретін көрінеді.

Қуат көзі тағы да қымбаттады

2013 жылдың 10 қаңтарынан бастап, Алматы қаласында және Алматы облысы аумағында электр қуаты қымбаттады. 1 кВт сағатына 13,56 теңгеге дейін. Мұның өзі қосымша күн салығын алып тастағандағы баға. Егер қосымша күн салығын бұған қоссақ, электр энергиясының құны 15,19 теңге жетеді. Бұған дейін алматылықтар мен облыс тұрғындары ҚҚС есептегенде 13,20 теңге төлеп келген-ді.

Павлодарда да жарықтың бағасы қаңтардан бастап шарықтап кетті. Бірінші дәрежелі тарифтің бағасы 8,43 теңгеден 8,64 теңгеге дейін, екінші дәрежелі тариф 10,89 теңгеден 11,16 теңгеге қымбаттаса, үшінші, яғни максималды дәрежелі тарифтің құны 13,61 теңгеден 13,94 теңгеге ұлғайған.

Елімізде табиғи ресурстар көп болғанымен, электр энергиясын дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Бізде энергия өндірісінен, энергия тұтыну көп. Сонау кеңестік уақытта салынған ГРЭС-тер болмағанда біздің жағдайымыз тым қиын болар еді. Солтүстік өңірлердегі ГРЭС-тер арқылы Ресейге энергия экспорттап отырған жайымыз бар. Ал оңтүстіктің жағдайы қиындау. Қырғызстан мен Өзбекстан бұл тартатын емес. Батыс Қазақстан туралы

әңгіме өз алдына бөлек. Батыс Қазақстанда электр энергиясын толығымен Ресейден сатып алады. Қазақстан жылына 86 млрд кВт/сағ энергия өндіреді. Мұны көршілерімізбен салыстырсақ, әлдеқайда артта қалып қойғанбыз. Оның үстіне 1990 жылы еліміз 87,4 млрд кВт/сағ. энергия өндірген. Яғни, бұл салада өрге басудың орнына кері кету бар. 20 жылдан астам уақыт ішінде көрсеткішті мүлде көтере алмадық. Тіпті осы олқылықтың орнын толтыру үшін құрылған «Самұрық-Энерго» компаниясының да қауқары жетпей отыр. Бірақ атлымыш компания энергияны өндіруді де, тұтынуды да ұйымдастыра алмай отыр. Құрамындағы компаниялардың қойған бағасын бақылай алмайды. Солтүстіктегі ГРЭС-тер де күрделі жөндеуді қажет етеді. Президенттің

өзі былай деді: «Егер біз жарық пен суды үнемдемесек, электростанцияларға жөндеу жұмыстарын жүргізе алмаймыз». Бұдан не аңғаруға болады? Станцияларымыздың әнкі-тәңкі жағдайда екенін байқаймыз. Және елімізге ЖЭС өте қажет. Тіпті күн энергиясын тұтынуға да табиғат мүмкіндік береді. Бірақ үкімет бұл мәселелерді әзірге қолға алғын емес. Ал «Самұрық-Энерго» сүлесоктық танытып отыр. Бұлай жалғаса беретін болса, жуық арада майшаммен күнелтетін боламыз.



КӘСІПКЕР ЖӘНЕ НЕСИЕ ШЫРҒАЛАҢЫ

ТІКЕЛЕЙ ЖЕЛІ

Таяуда Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының вице-президенті Темір Назханов «Время» газетінің «Тікелей желі» айдарында қонақта болып, кәсіпкерлер мен газет оқырмандарының сұрақтарына жауап берді. «Тікелей желі» барысында негізінен кәсіпкерлік салаға қатысты көп сұрақтар қойылды. Көпшілік кезінде құрылған бизнес-инкубаторлардың қайда кеткенін, отандық шағын және орта бизнес өкілдері ДСҰ мен Кедендік одақтың қызу бәсекесіне қаншалықты төтеп бере алатынын сарапшы маманнан сұрап білуге тырысты. Осы ретте біздер тартымды сұрақтар мен тұщымды жауапқа құрылған материалды ықшамдап газетімізде жариялауда жөн көріп отырмыз.

«Время» газетінің сайтына келіп түскен сұрақ:

– Қазіргі таңда «Атамекен» Ұлттық экономикалық палатасы еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдерінің басын біріктіретін ірі қоғамдық ұйым құрып, оған барлық кәсіпкерлердің міндетте түрде мүше болу мәселесін көтеруде. Білетіндер мұндай іс-тәжірибені Еуропаның кейбір елдері қолданатынын айтып қалды. Ал экономикасы барынша өркендеген Германияда кәсіпкерлердің бизнес қауымдастыққа мүше болуы ерікті жаздайда іске асатынын білеміз. Осы мәселеге қатысты маман ойын білгіміз келеді?

Темір Назханов:

– Ел экономикасын өркендетуге барынша үлес қосып жүрген кәсіпкерлерді бір ғана қауымдастықтың айналасына топтастыру идеясының көтерілгеніне 10-12 жылдың жүзі болды. 2005 жылы «Атамекен» одағы құрылғаннан кейін дәл осы мәселеге қатысты ой-пікірді көп еститін болдық. Өз басым бұл мәселеде таяқтың екі ұшы бар деп ойлаймын. Қазір кез келген адам кәсіпкерлердің ортақ мәселесін шешетін қуатты бизнес қауымдастықтың болғанын қалайды. Иә, бүгінде елімізде бірнеше бизнес қауымдастық жұмыс істеуде. Дегенмен олардың бәріне кәсіпкер біткеннің бәрі мүше болып отыр деп айту қиын. Қауымдастыққа мүше кәсіпкерлердің саны аз болғаннан кейін олардың үні жоғарыға жетпей жатқаны жасырын емес. Бұдан басқа шағын және орта бизнес өкілдерінің қаржылық және заңдық жұмыстарына қатысты білікті мамандарды жалдап, оларға сапалы қызмет көрсете де алмай отырғанын мойындауымыз керек. Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдерінің бес пайызы ғана түрлі қауымдастықтарға мүше екенін байқаймыз. Осы тұрғыдан алғанда елімізде кәсіпкерлердің белсенділігі әлі де болса төмен екенін аңғарсаңыз. Көптеген кәсіпкерлер қадағлаушы органдардың жөнсіз тексерулерінен қорқып, сұраған парасын беріп, көлеңкелі бизнестің өрісін кеңейтіп жатқандарын білемейді. Ендігі кезекте қауымдастыққа міндетті түрде мүше болудың көңілге күдік ұялататын тұстары жайында айтсам. Қазіргі таңда бірқатар кәсіпкерлер болашақта құрылатын ұйым шағын және орта бизнес өкілдерін маңайына топтастырып алғаннан кейін биліктің айтқанына бас шұлғып кете ме деп деп қауіптеніп отырғанын айтуға тиіспін. Қалай десек те қазір бизнес қауымдастықтар арасында азды-көпті бәсекелестік бар екенін мойындауымыз керек. Егер барша кәсіпкерлерді топтастырған ұйым биліктің мүддесіне жұмыс істейтін болса, онда оның шағын және орта бизнес өкілдері үшін түкке қажеті жоқ деп есептеймін. Бүгінде аталмыш мәселеге байланысты кәсіпкерлердің

кәсіпкерлік сала тиісті деңгейде дами ала мауда.

Семен Семенович, электронды поштаға сұрақ жолдаушы:

– 2008-2009 жылдары қарпайым халық пен кәсіпкерлердің екінші деңгейлі банктермен жиі кездесіп, оларға сөзіне өткізе алмай әбден зықысы шыққан еді. Кәсіпкерлер өздерінің алған несиесін төлей аламай, қиындықпен бетпе-бет келгені есімізде. Дәл осы кезде бизнес қауымдастықтар кәсіпкерлерге тиісінше көмек көрсете алмады.

жеткізіп, бірқатар оңды шешімдердің қабылдануына ұйытқы болдық.

«Время» газетінің сұрағы:

– Бүгінде қазақстандық кәсіпкерлердің Кедендік одақ пен ДСҰ-ның қызу бәсекесіне төтеп беретіндей мүмкіндігі бар ма? Сарапшы-маман ретінде осыған жауап бере кетсеңіз?

Темір Назханов:

– Қазақстан Кедендік одаққа мүше болғанда біздер қазақ кәсіпкерлерінің бәсекелестікке шыдас бере алмайтынын айтып, өз ойымызды айттық. Бүгінде



арасында екіұдай пікір қалыптасқан. Ал Германияның іс-тәжірибесі жайында айтсам, аталған елде жеке кәсіпкер жергілікті жердегі шеберлер палатасына мүше болады. Егер кәсібінің ауқымы кең болса, олар ірі сауда-өнеркәсіптік палаталарға мүше болуға құқығы бар. Бір қызығы Германияда кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтын палаталар жергілікті және федеральді бюджет есебінен жұмыс істейді. Ал кәсіпкерлерден жиналған жарналық қаржы қоғамдық ұйым бюджетінің бар болғаны 10 пайызын ғана құрайды.

Виктор, Алматы қаласының тұрғыны:

– 90 жылдардың басында Қазақстанда бизнес-инкубаторлар қарқынды түрде енгізілгені өзіңізге мәлім. Мемлекет олардан қаржыны аямағанын да білеміз. Бүгінде солар қайда кетті?

Темір Назханов:

– Иә, кезінде қарқынды түрде құрылған бизнес-инкубаторлардың көзден де, көңілден де кетуі тез болды. Өз басым мұндай құрылымның тез жойылып кетуіне сол кездегі кәсіпкерлер мен билік орындарының кәсіпкерлік саланың қыры мен сырын жетік білмегені себеп болды деп айтар едім. Өкінішке орай, елімізде бизнес пен билік орындарының арасында Батыс пен АҚШ-дай дұрыс әріптестік әлі де орнаған жоқ. Соның кесірінен елімізде

Темір Назханов:

– Дағдарыс алқымнан алған тұста бизнес қауымдастықтар қолдарын алдына салып, әрекетсіз отырды деп айта алмаймын. 2009 жылы Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы еліміздегі бірнеше банк басшыларымен және «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының өкілдерімен кездесіп, ортақ шешімге келуге тырысты. Өйткені дәл осы кезеңде еліміздегі шағын және орта бизнес өкілдерінің 95 пайызы өздерінің пәтерін, саяжайын өзге де жылжымайтын мүліктерін кепілге қойып кәсібін сақтап қалуға тырысты. Бірақ ғаламдық қаржы дағдарысы олардың бұл ойын іске асыруға мүмкіндік бермегені анық. Осыдан кейін жұмысы тоқтаған кәсіпкерлер шетінен банкрот бола бастағанда біздің қауымдастық дереу банкирлермен келіссөздер жүргізіп, тығырыққа тірелген кәсіпкерлерге кредиттік каникулдар беруін өтіндік. Әрине, бұған банктер де бірден келісе кетпеді. Дегенмен де осындай келіссөздердің арқасында біршама кәсіпкерлердің несиелік мәселелерін оң бағытта шешіп, олардың дағдарысқа жұтылып кетпеуіне септігіміз тиді деп нық сеніммен айта аламын. Осылайша Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығы елімізде тұтанып кетуі мүмкін әлеуметтік толқудың алдын алды. Бұдан басқа біздер мемлекеттен көмек алып, Ұлттық қордағы қаржыны пайдаланған банктер кәсіпкерлерге де оң көзқараспен қарауы керектігін айтып, бұл ойымызды билікке

сол ойымыздың шындыққа айналғанын бес жасар бала да біледі. Еліміз Кедендік одаққа мүше болғаннан кейін отандық өндіріс ресейлік кәсіпорындармен бәсекеге түсе алмайтындарын байқатты. Бұл жерде түсінбейтін ештеңе жоқ. Қазіргі таңда еліміздің салық саясаты да лояльді бағытқа бет бұруы Ресейдің оң жамбасына келіп отырғаны белгілі. Көрші елдің ірі кәсіпорындары тауар өндіру көлемін арттырып, тасымал мен шикізатқа кететін шығындарды еңсеріп, тауарларын арзан бағаға сатып Қазақстан нарығында өктемдігін жүргізе бастаған. Кедендік одаққа мүше болғаннан кейін еліміз 20 жыл бойы жүргізген кедендік салық саясаты бір күнде өзгеріп, кәсіпкерлер қиын жағдайлармен бетпе-бет келгені белгілі. Осылайша өндірісті дамыту бұрыннан да қиындай түсті. Қашанғы шетелге мұнай мен өзге де қазба байлықтарын экспорттап, күн көретінімізді түсінбеймін. Бір күні жер асты қазба байлықтарының да таусылатыны белгілі ғой. Осы күйімізше ДСҰ-ға мүше болсақ, кәсіпкерлік саланың не күйге түсетінін елестету тіпті қиын. Ол кезде «Қазақстанда жасалған» деген ұғым-түсінік мүлде жойылатын шығар. Әлемдік экономикаға барынша кіріккен кезімізде дүнижүзінде алпауыт компаниялар Қазақстанда ірі өндіріс ошақтарын салып, экологиялық жағдайды барынша ұшықтыратын шығар деп те қауіптенемін.

«Время» газетінің «Тікелей желісі» негізінде жасалды.

Жаңадан шыққан заңға сәйкес, Қазақстанда салық режимі стандарты бойынша жұмыс істейтін барлық ЖК (жекеменшік кәсіпкерлік) және ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) осы жылдың басынан кассир клиенттерден төлемдер қабылдауды жүзеге асыратын сауда терминалын (сауда немесе кассирдің АЖО-ға арналған бағдарламалық-аппараттық кешені) қоюы тиіс. Ал қалған кәсіпкерлер келесі жылдан бастап pos-терминалға толықтай көшуге міндетті. Кеше бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездескен Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығы осы мәселеге қатысты өз пікірлерін айтты.

Мемлекеттің енгізіп отырған бұл жаңалығы елдегі шағын және орта бизнестің қызметіне әсерін тигізетіні сөзсіз. Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығы pos-терминалдың қызметіне дәл қазір көше салуға кәсіпкерлер де, банктер де, тұтынушылар да дайын емес, дегенді айтады. Сондықтан қабылданған шешім кәсіпкерлермен келісілмегендігі туралы

бұларды қыстап, терминал қоймағаны үшін айыппұл салып жатқан жоқ.

– Pos-терминал төңірегінде басы ашылмаған сұрақтар көп. Солардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталайық. Біріншіден, әкімшілік режим енгізілді, салық органдары әзірге тыныш отыр, бірақ бұл қаншаға созылады – бір, екі, үш ай күтер, содан кейін айыппұл сала



БИЗНЕС

Pos-терминалға кім дайын?



кәсіпкерлер Қауымдастыққа арызданып жатыр екен. Мәселе одан мүлде бас тартуда емес, уақыттың тығыздығында болып отыр. Біз бүгінде электрондық поштамен салық төлеп, есеп беріп жатырмыз, оған қарағанда бұл соншалықты күрделі мәселе емес. Алайда заңның күшіне енгеніне жиырмадан астам күн өтті, бірақ кәсіпкерлердің терминал кешенін жаппай орнатып жатқаны байқалмайды. Өйткені терминалды банктер ұсынбайды, кәсіпкерлердің өздері сатып алулары керек. Ал оның ең арзан бағасы 60 мың теңге, орнатуға тағы да қомақты қаржы керек екен. Оның үстіне, банктер әрбір транзакция үшін өзінің пайызын алатыны тағы бар. Сондықтан ЖК мен ЖШС-лер ес жинап алғанша уақыт берулерін сұрайды. Дегенмен әзірге салықшылар

бастайды. Екіншіден, кәсіпкерлерге pos-терминалдарды таратуға банк дайын болмай шықты. Үшіншіден, pos-терминалдар жетіспейді, кәсіпкерлер оны қайдан, қалай сатып алатынын білмейді. Оның үстіне, бағасы қымбат, бұрыннан қолданылып жүрген кассалық аппараттан кемінде үш есе қымбат бағаға алуға болады. Ал оны орнату үшін Қазақтелеком 18 мың теңге алады, басқа да ұсақ-түйектерді қосқанда 30 мыңнан асады. Сонда pos-терминалдың бағасы 100 мың теңгеден асып түседі. Кәсіпкерлер наразы болып отырған тағы бір мәселе – pos-терминалдан алынатын пайыздар. Банктер оның мөлшерін нақты айтып отырған жоқ, шамалап 1-ден 4 пайыздың аралығын ұсынуда. Осыған байланысты жақын арада біз Үкіметке хат дайындайтын боламыз. Pos-терминалды

орнатудың бағасын төмендетуді, транзакция үшін банктер алатын пайыз 0,5-тен аспауы керектігін талап етпекшіміз. Үкімет pos-терминал қандай жолмен енгізілетіндігі туралы анықтаған жоқ. Бұл банк арқылы ма, жоқ әлде еркін сауда арқылы ма, нақты схема жоқ. Мысалы, кассалық аппараты өзің сатып аласың, салық комитетіне барып тіркетесің, сонымен іс бітті. Бұл жерде қалай болады? Осы мәселелерді біржақты келісу үшін банктермен келісімдер жасап, Үкіметке ұсынуымыз керек. Дәл қазіргі кезде Үкімет бағытталған нақты сын айтылған жоқ. Бірақ бұған аздап үстіртін, ойланбай жасалған мәселе ретінде қарауда. Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығы, Қаржыгерлер қауымдастығымен келісіп-пішілмегендіктен кәсіпкерлер дағдарып қалды. Әрине, pos-терминал дегеніміз экономикамыз дамуы, бір қадам алға басуымыз екендігін бәріміз түсінеміз. Оған ешкімнің қатты қарсылығы жоқ. Бірақ жан-жақты ойластырылып, тиімді шешім шығарылғаны жөн, – дейді Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығының президенті Талғат Ақуов.

Жалпы алғанда, pos-терминал орнату туралы Салық комитетінің талабы дұрыс. Алайда бұған өту бойынша банктермен, кәсіпорындармен дайындық жұмыстары жүргізілмеген. Соның нәтижесінде кәсіпкерлердің шығыны өсейін деп тұр. Жасалған шара алдағы уақытта салық органдарының жаңа тексерулер жасауға, кәсіпкерлерден жаңаша пара алуға мүмкіндік бермек. Банктер pos-терминал жабдықтарын беруге дайын емес, сонымен қатар кәсіпкерлерге өздерінің шарттарын қоюда. Мәселен, егер келісімге қол қойғаннан ба-

стап үш айдың ішінде pos-терминал жұмыс істемейтін болған жағдайда банк жабдықты қайтарып алады. Немесе жұмысшылардың алатын айлық жалақылары осы банктің банкоматтары арқылы өткізілуі тиіс. Оның үстіне, кәсіпкер Алматы телекоммен келісімге отырып интернетті қосуы керек. Сонымен, бұған шығатын шығын жүз мың теңгеден асып кетпек. Кәсіпкер жабдықты өз ақшасына алған күннің өзінде банк оған рұқсат беруі тиіс, одан ақша алады. Ал егер қалада кәсіпкердің бірнеше нысаны болса қалай болғаны? Нәтижесінде, кәсіпкер өзінің тауары мен көрсететін қызметіне бағаны өсіруге мәжбүр болады. Яғни бұдан халық тұтынатын тауарларға бағаның тағы да өсуін күтеміз.

Бұл проблема республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы екі-үш аптадан бері айтылып жатыр. Бірақ pos-терминал жүйесін жаппай енгізуге салықшылар ма, кәсіпкерлер ме, банкирлер ме, кімнің мүдделі екенін ешкім біле алмай отыр. Бизнесмендерге мұның пайдасынан зияны көп екен. Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығы бастамасымен өткен жиында БТА банк және Альфа банктің өкілдері де қатысты. Бірақ банкирлер ештеңе айтқан жоқ. Өйткені оларға қалай болғанда да тиімді, сондықтан әліптің артын бағып отыр. Ал кәсіпкерлерге өйтпеге болмайды, заңға сәйкес қаңтардың 14-інен бастап салықшылар кез келген сауда нысандарына тексеру жүргізіп, pos-терминал орнатпаған жекеменшік кәсіпкерге – 69240 теңге, ал шағын және орта бизнестің заңды тұлғаларына – 103860 теңге айыппұл салуға құқылы. Сонымен, Кәсіпкерлердің тәуелсіз қауымдастығы pos-терминалға қатысты шараны биылғы ысырып қойып, келесі жылдан бастау туралы Үкіметке ұсыныс түсірмек.

Бағаны түсіру үшін біреулер жабдықтау мәселесін қолға алуы қажет. Өйткені терминал мәселесі кәсіпкердің ғана емес, банктердің де бас ауруына айналды. «Түйткіл заңның өзінде емес, – дейді БТА банктегі эквайринг бөлімінің өкілі Дмитрий Брежнев. «Коммерциялық мекеме ретінде банктер, ең алдымен, табыс табуы көздейді. Бізде құрал-жабдықты сатып алу жыл сайын сұранысқа қарай жүзеге асырылады. Қазір сұраныс көбейген кезде банктер оны қамтамасыз етуге даяр болмай шықты. Біз құрылғыны өз мүмкіндігімізге қарай сатып аламыз. Ал бүгінгі күні ондай құрылғы бізде жоқ. Осы кезге дейін бүкіл ел аумағында 2000-нан астам терминал орнаттық. Негізі, pos-терминалды кезек-кезеңмен орнатқан дұрыс болар еді. Ең әуелі ЖШС-лар, сосын орта және шағын бизнеске кезек келсе дейміз. 2014 жылды күтіп отырмай, біртіндеп енгізу керек», – деді.

«Айқын» газеті.

Жығылған жұдырық болды

Қарағанды облыстық кәсіпкерлер қауымдастығының төрағасы Талғат Доскенов Астанаға өңірдегі шағын кәсіпкерлікпен айналысып жүрген қарапайым жандардың жан-айқайын жоғарыға жеткізуге тырысты. Кәсіпкерлер pos-терминалды орнатып үлгермей жатыр. Жуырда Ұлттық банк төрағасы 1 қаңтардан бастап карточкамен төлем қабылдайтын қондырғылар орнатпағандарға қомақты айыппұл салынатынын мәлімдеген болатын.

Өз кезегінде Т. Доскенов «Салық төлеудің оңайлатылған жүйесіне кірмейтін 160 мың кәсіпкерлік нысаны pos-терминалдарды орнатуға міндеттелген. Кәсіпкерлердің дайын еместігін қоспағанда, банктердің өзінің арнайы қондырғылармен қамтамасыз етуге шамасы жетпей жатыр», деп ойын ортаға салды. Бүгінгі өзінде pos-терминалдарды қоюға міндетті

еліміздегі 160 мың кәсіпкерлік нысанның 30 мыңы, яғни, бестен бірі ғана оны орнатып үлгерген. Банктер нарық заңдылығына сәйкес, айналымы үлкен сауда нүктелеріне терминалдарды тегін орнатып береді. Ал пайдасы күн көрісіне әрең жететін жеке кәсіпкерлер 50-60 мың теңгеге өздері сатып алып жатыр. Өйткені, қаржы ұйымдары барлық қауіпсіздік шаралары сақталған, байла-

ныс жүйесімен жабдықталған нысандарға ғана өз терминалдарын орнатады. Ал мұны қамтамасыз ете алмайтын кәсіпкер қондырғыны өзі сатып алуы тиіс. Осылайша, кәсіпкер банкке, банк кәсіпкерге сілтеп отыр мәселенің күрмеуін. Қалай болған күнде де, мындағы бизнес өкілі айыппұлдың астында қалғалы тұр. Оның үстіне, әр операция үшін кәсіпкер сол соманың бір пайызын өзі көтеруі тиіс.

БӘСЕКЕМЕН БАҒЫМЫЗ ЖАНАДЫ

Сұхбат

Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының белсенді мүшесі, Алматы қаласындағы бизнес орта үшін танымал кәсіпкер Роман Ботабақовпен сұхбаттасып, еліміздегі шағын және орта бизнес саласы мен темір жол саласының аяқ алысы жайында ой бөлісуді көптен бері ойлап жүрген едік. Жақында сол сұхбаттың сәті түсті. Бізді жылышыраймен қарсы алған Роман мырза, қойылған сұрақтарымыздың бәріне тыңғылықты жауап беріп, жолаушы тасымалдау саласындағы өзекті мәселелердің басын ашып айтты. Жолаушылардың алғысына бөленген іскер азамат көбінде темір жол саласына қатысты сұрақтар қойдық. Енді сұхбатқа назар аударсаңыздар



– Роман мырза, жолаушылар тасымалымен айналысып қарапайым халықтың алғысына бөленіп жүргеніңізді білеміз. Алғашы сұрағымыз да сол жолаушы тасымалына қатысты болып тұр. Соңғы уақыттары елімізде темір жол саласындағы жолаушылар тасымалдаудың құны біршама өскенін білеміз. Билет бағасының қымбаттауы бұқара халықтың қалтасына салмақ салмай ма?

– Әрине, билет бағасы қымбаттаса, халық қуана қоймасы анық. Билет құнын өсіргенде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының еншілес кәсіпоры «Жолаушылар тасымалдау» АҚ-ы халықтың жапа шекпеуіне басты назарға алуы тиіс деп ойлаймын. Ал «Тұран экспресс» компаниясы билет ақысын өсіруге ешқандай қатысы жоқ. Рас, Жаңа жылдан бастап темір жол билеттері 12 пайызға қымбаттады. Бүгінде мемлекет жолақыны төмендету үшін субсидия бөлетіні белгілі. Бірақ мемлекеттің бұл бағытта бөлген азын-аулық қаржысы жарығымызға жамау болып жатыр деп айта алмаймын. Темір жол боймен жолаушы тасымалдау жекеменшік компанияларға көптеген шығындар әкелетінін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Біздер бәсекеге қабілетті болуымыз үшін жолаушыларға қызмет көрсету ісіне баса мән беріп отырмыз. Вагондарымыздағы орындардың таза, талапқа сай болуы біз үшін қашанда маңызды. Вагондарға уақтылы жөндеу жұмыстарын жүргізіп тұру да көп шығынды талап етеді. Осындай жайттарды жіпке тізіп есеп қылсақ, бұл салада жұмыс істеудің оңай емес екенін бірден байқайсыз. Бұдан басқа жекеменшік компаниялар «Жолаушылар тасымалдау» компаниясына вагондарымызды локомотивтердің сүйрегені

және темір жолдарды пайдаланғанымыз үшін ақы төлейміз. Осының бәрі билет бағасының өсуіне түрткі болатын фактор. 2000 жылдан бастап темір жол бойымен жолаушылар тасымалдау саласында жекелеген компаниялардың жұмысын жандандыруға қатысты заң қыбылданған еді. Бірақ қазіргі таңда мұның өзі де жеткіліксіз болып тұр. Қазір темір жол саласында қызу бәсекелестік қалыптасқан деп айта алмаймын. Әсіресе жолаушылар тасымалдау саласында. Жолаушылар тасымалдау ісі жүк тасымалына қарағанды шығыны көп сала. Бүгінде жолаушылар тасымалдау ісімен айналысатын біз сияқты шағын компаниялар қарпайым халыққа барынша сапалы қызмет көрсетуге тырысып келеді. Әрине, біздің мұндай іс-әрекеттеріміз «Жолаушылар тасымалы» АҚ сынды ірі монополистік ұнай қоймасы анық. Қалай десек те жолаушылар тасымалымен айналысатын жекеменшік компаниялардың халыққа қызмет көрсету жағынан оқ бойы озық тұрғаны белгілі. Темір жол билеттерін арзандату үшін бұл салада бірнеше жолаушылар тасымалымен айналысатын бірнеше компаниялар құрылуы керек. Сол кезде қызу бәсекелестік орнап билет құны әжептәуір төмендейтін болады. Қазір билет құнын көтеру немесе түсіру монополистік «Жолаушылар тасымалдау» компаниясына ғана байланысты болып тұр. Жекелеген компаниялардың баға саясатына ықпал ететіндей құдіреті жоқ.

– Сонда жолаушылар тасымалдау саласымен айналысатын жекелеген компаниялар аз болды ғой?

– Солай десе де болады. Қазіргі таңда жолаушылар тасымалдау саласымен айналысатын 5-6 жекелеген компаниялар бар. Олардың көпшілігінің жекеменшік вагондары жоқ. Олар вагондарды жалға алады. Ал біз болсақ, несие алып сапалы вагондар сатып алып, халыққа мінсіз қызмет көрсетіп келеміз. Жаңадан алған вагонды 28 жылға дейін күрделі жөндеусіз пайдалануға болады. Бұдан кейін жөндеу жұмыстарын жүргізіп, тағы да 16 жыл жолаушы тасымалдай аламыз.

– Роман мырза, әңгіме арасында мемлекет жолаушылар тасымалдау саласын субсидиялап отырғанын айттыңыз. Көмекқаржы қандай өлшемдерге сүйеніп берілетінін айта кетсеңіз?

– ҚР Көлік және коммуникация министрлігі ұсынып отырған субсидияның көлемі тым аз. Көмекқаржы алғаннан кейін тексерулер көбейіп кететінін де жасыруға боламас. Олар субсидияның ай сайын қайда жұмсалып жатқанын тексереді. Бұдан кейін бар

жұмысты жиып қойып, мемлекеттік орындардың талап еткен айлық есебін тапсыруға тура келеді. «Субсидия жарығымызға жамау болмай жатыр» деп айтуымның сыры содан. Қайта вагондарды несиеге алып жұмыс істеген дұрыс. Бүгінде жолаушылар тасымалына қажетті вагондардың біреуі 1 млн. доллар тұрады. Сондықтан кез келген кәсіпкердің жолаушылар тасымалдау саласымен айналысуға тәуекел ете алмай отыр. Жолаушылар тасымалымен айналысатын компаниялардың мүддесін көздейтін қоғамдық ұйымдар алдағы уақытта субсидия көлемін арттырып, оны берудің жолдарын жеңілдетуге қатысты өз ұсыныстарын жоғарға айтады. Ал оның қаншалықты іске асатынын уақыт көрсетеді. Өз басым қазір елімізде бизнестің көсегесін көгерту үшін қаржы ресурстарының тапшы болып тұрғанын айтар едім. Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлерге ұсынып отырған несие ісін пайыздық үстемесі тым жоғары. Керек десеніз «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының 12 пайыздық несиеі бизнестің өрісін кеңейте алмай тұр. Біздер осы «Даму» қорының несиеін алып, қиналсақ та қайтарып жатқан жайымыз бар. Әлемдік тәжірибеге назар аударсақ, жолаушы тасымалдау саласына мемлекеттің үнемі қолдау көрсетіп, субсидия бөліп келе жатқанын байқауға болады. Сол сияқты біздің Үкімет те жолаушы тасымалдау ісімен айналысып жүрген компанияларға барынша қолдау көрсетуі керек деп есептеймін.

– «Тұран экспресс» компаниясы қай бағыттарда жолаушы тасымалдап жатқанын айта кетсеңіз?

– Бүгінде біздер күнделікті Астана бағыты бойынша жолаушы тасымалдап келеміз. Таяуда жаңадан салынған «Жетіген – Қорғас» бағыты бойынша Алтынкөл стансасына жолаушыларды тасымалдауға белсене араласып жатқан жайымыз бар. Бұдан басқа бірнеше вагондарымыз Шығыс Қазақстан облысында да ел тұрғындарына қызмет көрсетіп жатқанын айтуға болады. Болашақта компанияның жолаушы тасымалдау маршруттарының ауқымын кеңейту де ойымызда бар.

– Ендігі кезекте шойын жол бойымен жолаушылар тасымалдаудың қиындығы жайында айтсаңыз.

– Кез келген бизнестің түрімен айналысқан адам бірінші кезекте қадағалаушы органдардың жөнісін тексерулерімен бетпе-бет келетінін айтатыны анық. Біз де мұндай мәселеден құралақан емеспіз. Тіпті, бұған етіміз де үйреніп кетті десек болатындай... Тексерушілерден қорыққан адам бизнеспен айналыспайды ғой. Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі де бұл мәселеге баса мән беріп, шағын және орта бизнесті тексермеу туралы мараторийларды жиі жариялайтын болды. Сондықтан кез келген кәсіпкерден бизнестегі қиындық жайында сұрасаңыз, алдымен осы жөнісін тексерулер жайында сөз қозғайтына сенімдімін. Сол сияқты біздің саламызда мемлекеттік сатып алу мәселесінде көптеген қиындықтар кездеседі. Біздер жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін маршруттарды сатып алу үшін тендерге қатысамыз. Бүгінде тендерге қатысу үшін қойылатын талаптар да күрделі күйінде қалып отыр. Тендерге қатысқан кез келген компанияның вагондарды тарту мен жолды пайдаланғаны үшін ешқандай қарызы болмауы керек. Тендерді ұтқаннан кейін жекеменшік компаниялар вагондарды тартатын локомотивтердің ақысын алдын ала, яғни бір ай бұрын төлеп қоюымыз керек. Мұның өзі кәсіпкерлерге қиындық туғызатыны айтпаса да белгілі. Өз басым алдын ала төлем жасауды орынсыз деп есептеймін. Осы көріністен-ақ, еліміздің жолаушылар тасымалдау саласында бәсекелестік қалыптаспағанын бірден аңғарасын. Әдетте тасымалдау ісімен айналысатын компаниялардың вагондарының билеттері «Жолаушылар тасымалдау» АҚ-ның бөлімшелері арқылы саудаланатыны белгілі. Бір қызығы акционерлік қоғамның бөлімшелері біздің билеттерімізді сатудан түскен қаржыны дер кезінде шотымызға аудармайды. Олар билетті сатудан түскен қаржыны араға екі ай салып қана есепшотымызға жібереді. Мұның өзі кей кезде біршама қиындықтар туғызып жатады. Ал өзіміз бен өзге де жекеменшік бөлімшелерден сатылған билеттің ақшасы сол заматта есепшотымызға түседі. Біздер еліміздегі бизнес қауымдастықтар арқылы осы мәселені көтеріп жатқан жайымыз. Бұдан қандай нәтиже шығатыны әзірше белгісіз.



КОМИТЕТ ҚАУҚАРЛЫ БОЛСА...

МӘСЕЛЕ

Ұлттық банк басшысы Григорий Марченко жыл басында журналистермен жүздесуінде «экономиканы несиелендірсек те, несиелендірмесек те етегімізден сүрініп жатырмыз» деп ойын ортаға салды. Бас банкирінің айтуына қарағанда, орта мерзімді ресурстар тарту арқылы біздегі коммерциялық банктер несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады. Ресейде банктердің несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады. Ресейде несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады. Ресейде несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады.

Ең қиын мәселе оңалмай тұрған макроэкономикалық жағдай болып тұр. Яғни, экономикамыз әртараптанбаған, қайта өңдеу саласын қанша дамытамыз десек те қарқын ала алмауда. Осы жағынан алғанда, ел экономикасын несиелендіруге бізде ақша жоқ емес, бар, бірақ сол қаражатты тиімді тұтынатын өндірістік сұраныс жоқ. Ал несиені саудаттық саласына берсеңіз, одан инфляцияны күшейтіп, бағаны өсіргеннен басқа пайда болмасы анық. Сондықтан бас банкир қаупінде негіз бар. Қаржыгер Ілияс Исаевтың айтуынша, қаржы нарығында қандай да бір тиімді шаралар мен ұсыныстарды қарастырып, бәрі тұйық шеңберде айналып жүргенмен бірдей болады. «Негізінен, барлығы айналып келгенде кәсіпкерлікке, олардың жобаларына байланысты. Ал кәсіпкерлік жобалардың ұтымды болуы үшін озық техника мен технология,

білім мен білік қолданылуы керек. Демек, ел экономикасын несиелендіруге осы мәселелерге айрықша назар аударып, алдымен аталған мәселелерді шешіп алуымыз қажет», – дейді ғалым.

Ұлттық банк қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғаумен айналысатын комитет құру мәселесін де қарастырып жатқандарын алға тартты. Өзірге бұл туралы нақты бір шешім қабылданбаған. Алайда Қаржылық қадағалау комитеті құрылымы жанынан осындай департамент құрылып қалады деп болжануда. Бұл комитет, біріншіден, аталған институттың рөлін, қаржы нарығы субъектілерінің жауапкершілігін арттыруы тиіс, екіншіден, заңнамалық деңгейде комитеттің функциясы кеңейте түседі. Мұндай комитет құрылса, ол қаржы институттары ұсынып отырған өнім шарттарын зерттемек. Комитет банктердің комиссия мен төлемдер, ссудалық

шот ашу үшін алынатын комиссияның бәрін реттеуі тиіс. Займ берудегі жалғыз шарт басты қарыз қалдығына аударылатын пайыздық мөлшерлеме болуы тиіс. Мәселен, Ресейде банктердің несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады. Ресейде несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады. Ресейде несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады.

жүзі болған. Комиссия түрлері де біздегідей оларда көп емес. Ал экономика салаларына маманданған банктер қызмет көрсетеді. Бір Агробанкті сөз етсек жетіп жатыр. Ғалымдармен қатар, үкіметтік деңгейдегі шенді-шекпенділер бізде мұндай банкті құру өзекті екенін жылдар бойы қаншама мәрте мәлімдеп келеді, алайда одан нәтиже жоқ. Жоғарыда айтылғандай, тек пайыздық мөлшерлеме тіркеп несиелендірілген шот ашқаны үшін ақы алу заңсыз болып табылады.

Қаржыгер Құнанбай Тобатаевтың айтуынша, тұтынушылар құқығын қорғайтын комитет құрылатын шығар, бірақ оның алдыңғысындай (Қаржылық қадағалау комитеті жанында қаржы қызметін тұтынушылар құқығын қорғайтын департамент бар) коммерциялық банктерге онша ықпалы бола қоймайды. «Комиссия – кез келген коммерциялық банктің табыс көзі. Сондықтан олар осындай табыс көзінен айыратын заңнаманы қабылдау үшін қолдан келгенін жасауы керек.

ТЕКСЕРІП, ЫҒЫРЛАРЫҢ ШЫҚПАДЫ МА?



Ақордада «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруға арналған кеңейтілген отырыста Президент Нұрсұлтан Назарбаев Төтенше жағдайлар министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты

санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жұмысын сынға алды.

Мемлекет басшысының атап өтуінше, толықтай алғанда шағын және орта бизнесті тексеру біршама қысқарған. Мәселен,

соңғы 3 жылдың ішінде салықтық тексерулер саны үш есеге төмендеген. «Өткен жылы ТЖМ мен СЭС 264 тексеру жүргізген. Владимир Карпович ығырыңыз шыққан жоқ па? Бұл ретте СЭС-тің жоспарлы тексеруі – 10, ал ТЖМ-дікі 8 есе артқан. Сен содан басқа ештеңе істемейсің бе?», – деді Елбасы Төтенше жағдайлар министрі В.Божкоға. Осыған орай Елбасы Бас прокуратурадан барлық тексерулердің нәтижелілігіне тексеру жүргізуді тапсырды.

«НГ» газеті бұдан бұрын да сөз еткен базар реформасы жыл басынан бері қызу іске асып жатыр. Өткен жылдың соңында Қаржы министрлігі 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздегі қара базарлардағы саудаттық үлгісі жаңарып, саудагерлерге саудасын арнайы патент алу арқылы жүргізуді міндеттегені белгілі. Сөйтіп саудасын бір реттік талон арқылы жүргізіп келген кәсіпкерлер аласапыран күй кешуде. Бұл бір реттік талонды алу үшін саудагерлер жергілікті атқарушы органдарға әкімшілік белгілеген соманы төлесе болғаны еді. Ары қарай салық мәселесіне оншалықты бас ауыртпайтын-ды.

Жаңа жүйе көлеңкелі бизнеске одан әрі жол ашып отырғанын пайымдаған мамандар «бір реттік талонды қолданыстан кетіріп, патенттеу арқылы пәрменді арттыру керек» дескен-ді. Қазір бұл бастаманы құптаушылар, қаралаушылар да өз ойларын айтып жатыр.

Тоғжан Шаяхметова, экономист-сарапшы:

– Белгілі болғандай 1 қаңтардан бастап бір реттік талоннан бас тартып, саудагерлер арнайы патенттеу жүйесіне көшіп жатыр. Мемлекет осылайша, «саудагерлерге патент беру арқылы азық-түліктің, киім-кешектің,



ПАТЕНТТЕУ ЖҰМЫССЫЗДАРДЫҢ САНЫН АРТТЫРАДЫ

Мамандар нақ осылай патенттеуді қолдап жатқан тұста біраз қауым бұл жүйенің де өзіндік олқылықтары барын да бағамдапты. Мысалы, бұған дейін базар кәсіпкерлері бір реттік талонмен жұмыс істеу барысында тауарын сатуға қосымша сатушы алатын немесе туған-туыстары кәсіпті сауда иесінің орнында тұрып жүргізе беретін. Ал патенттің жағдайында бұған рұқсат етілмейді. Ережеде патент кімнің атына рәсімделді, сол кісінің сауда орнында өзі тұрып, халыққа сауда қызметін өзі көрсетуі керектігі нақты айтылған. Абзалында, осы жайт біраз наразылық тудырып отырған жайы бар. Жалпы, нақ осы патент жүйесіне көршілес елдер қалай енуде? Мұны салыстырып көрсек, көршіміз Ресейде патент алып, саудасын жүргізушілерге бес адамға дейін сатушыны қызметке алуға; патентті екі адамның атына бірдей рәсімдеп, салықты бөлесе төлеуге; отбасылық бизнеске қатысты патент беруге мүмкіндіктер ашылған. Ал біздегі патент жүйесі «сауаттандыруды қажет етеді» деседі мамандар.

Қазір елімізде 7800-ден астам базар бар. Ол базарларда 150 мыңға тарта саудагер жұмыс істейді. Осы уақытқа дейін сол 150 мың саудагердің ішінде 100 мыңдай саудагер ғана сол бір реттік талон алып, оған арнайы төлем төлеп, сауда жасаған. Ал қалған 50 мыңға тарта саудагер тіпті бір реттік талон да алмаған.

тұрмысқа қажетті дүниенің базарға келетін тізбегін, бағасын қадағалауға аламыз» деп отыр. Егер болашақта базарға арнайы патент енгізіп, осыған орай салық алатын болсақ, базарда сауда жасайтындар салық төлеуші болса, біз олардың операцияларын көріп-біліп, бағаның қалай құралатынын байқар едік. Сондықтан патент жүйесін енгізу арқылы арнайы салық енгізіп, олардың жұмыстарын қадағалаған жөн. Қазір саудагерлер патент алуды интернет арқылы да жүзеге асыра алады. Патент алу барысында ешқандай қиындықтар туындамас үшін осындай мәселелерді де қарастырып қою өте орынды...

Гүлжан Сыдықова, кәсіпкер:

– Мен бұған дейін базарда сауда-саттық жасаушы ретінде өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандардың қатарына ендім. Ал қазір патент рәсімдеп, кәсіпкер атанып отырған жайым бар. Меніңше, бұл жүйенің әлі бір қайнауы ішінде. Шала-жансар күйінде қолданысқа еніп кетті. Себебі бұдан былай ережеге сәйкес, мен өзімнің саудамды жүргізу үшін сатушы ала алмаймын. Тіпті туған-туысыма, жақын адамдарыма бір күн менің орнымға базарға шығып беруге өтініш те жасай алмаймын. Өйткені патент менің аты-

ма рәсімделгендіктен, барлық шаруаны өзім атқаруым керек. Тауарды да өзім әкеліп, оның сатуын да өзім қадағалауым қажет. Бұл тіпті ақылға қонымсыз дүние ғой. Мен осы уақытқа дейін екі сатушыны жұмыспен қамтып отырдым. Енді оларды қамти алмаймын, өйткені ереже бұған рұқсат бермейді. Ақылға сыймайтын, түсініксіз жақтары көп. Бұған қоса қассалық аппарат болуы талап етілуде. Қассалық аппарат қолдану базардың 90 пайызында мүлде жоқ. Бұған тіпті базарда жайлы жағдай да жасалмаған. Базар іші суық, қайсыбіреулердің әкеліп орнатқан қассалық аппараттары суыққа шыдамай қатып, сынып қалуда. Ал қассалық аппараттары жоқтарға арнайы айыппұл салынатыны айтылуда. Орнында басқа біреу тұрса айыппұл, қассалық аппараты жоқ болса тағы айып және басқа толып жатқан айыппұлдары бар. Мұның барлығы ертен қайшылықты үдете түседі. Сондықтан алдымен осы жүйені әбден тереңдетіп, талдап алу керек тәрізді



Тарих

Аңырақай шайқасы – біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі (1729 жылдың мамыр-маусымы, кейбір деректерде 1730). Болат ханның бастауымен үш жүз хандары (Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр), билері (Төле, Қазыбек, Ақсуат), сұлтандар, батырлар қатысқан Ордабасы жиынында (1726) бүкіл қазақ қолының бірігуі (бас қолбасшылыққа Әбілқайыр хан сайланған) жауға қарсы шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 жылдан бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде қалмақ қонтайшысы Сыбан Раптан өліп, оның ұлы Қалдан Серен билікке келді. Үш жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында жиналды. Шайқас Балқаш көлі, Отар даласы, Шу өзені аралығындағы бедерлі жерлерде өткендігін бұл өңірде жиі кездесетін қазақ қалмақ қорымдары дәлелдейді. Аңырақай аталатын да осы өңір. Шамамен көктемде басталып, жаз айларына ұласқан (40-45 күн) майданда біртіндеп басым түсе бастаған қазақтар Итішпестің Алакөлі (Балқаштың шығысындағы Алакөл емес) маңында ірі жеңіске жеткен. Балқаштан оңтүстікке қарай 120 шақырым жердегі бұл көл қазір Сорқұдық деп аталады. Көлдің ұзындығы – 10-12 шақырым, ені – 2 шақырым. Оның қасындағы шайқас өткен соғыс алаңының ұзындығы – 30-35 км, ені – 20 шақырым. Аңырақай шайқасына 30-35 мың қазақ, 35 – 40 мың жоңғар әскері қатысты деген болжам бар. Орыс зерттеушілерінің деректеріне қарағанда 1723-25 жылдары қырғынға көп ұшырап, жері жау қолында қалған Ұлы жүз 10 мың жасақ шығарған. Орта жүз жауынгерлерінің саны 15 мыңдай болған. Адамдары көбірек сақталған Кіші жүз жер шалғайлығынан 10-15 мыңдай әскермен келді деп топшылауға болады. Қалмақ жағының қару-жарағы басым еді. Мылтықпен бірге өздерінде құйылған, Ресейден сатып алынған әртүрлі қашықтыққа атқылайтын зеңбіректері де болды. Қазақтар бұл кезде зеңбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгергендігін байқатты. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетіндігін көрсетті. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, бұл қолдың құрамындағы Дулат тайпасының әр руының қолын: сиқым Қарабатыр, жанас Өтеген, ботбай Сәмен, шымыр Қойгелді, ошақты Саңырық, ысты – Төлек, шапырашты – Қазыбек бек, албан Хангелді батырлар бастады. Орта жүз қолын қанжығалы Бөгенбай, шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек, қыпшақ Тілеулі, қаракерей Қабанбай, абақ керей Жауғашар (Шақантай), Кіші жүз қолын тама Есет, шекті Тайлак, т.б. батырлар басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саурық батыр басқарды. Кейбір деректерде болашақ ұлы хан шамамен 17-20 жасар Әбілмансұрдың (Абылайдың) жауға «Абылайлап» шапқаны осы шайқас деп көрсетіледі, сіргелі Елшібек батырдың өз тобымен жау зеңбіректерін жарып жібергендігі айтылады. Бұл соғыста көптеген атақты батырлар – шымыр Ақша, күнту Барлыбай, сиқым Қарабатыр сынды батырларымыз шейіт болды. Итішпестің Алакөлі маңындағы сокқыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң

жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Бірақ қазақтар бұл жеңісті одан әрі дамыта алмады. Оған шайқастың соңғы жағында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ үшін талас кедергі келтірді. Болат ханның інісі Сәмеке (Шахмұхамед) ұлы хандыққа сайланбады. Көпшілік Болат ханның баласы Әбілмәмбетті қолдады. Бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің қолын Ырғыз арқылы батысқа алып кетті. Орта жүз қолының көбісін Сәмеке хан соңынан ертіп солтүстікке бет алды. Бірақ Аңырақай шайқасындағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Бұл жеңіс Орта Азиядағы саяси ахуалды күрт өзгертіп, етектен тартқандар енді қазақ елімен санаса бастады. Аңырақай жеңісі тәуелсіздікті аңсаған қазақ елінің тұтастығын сақтап қала алатындығын айқын дәлелдеді.

Үшбұрышты тактика

Аңырақай шайқасының табиғи шекарасы оңтүстік-батыста – ау айратын сала мен Аңырақай жоталарының солтүстік-шығыс шоқыларын, батысында – Қопалы өзені мен Қаракемердің тармақтарын, солтүстік-шығыста – Бескөл алқабын, ал шығыста – Сарыбұлақ өзенінің аңғарын алып жатқан аумағы 210 шаршы шақырымдық аудан. Сол орын «қазақтардың басқыншы-жоңғарларға жалпыхалықтық қарсылығының қорытынды кезеңінде басты әскери қимылдар театры болды. Зерттеулер барысында Аңырақай шайқасы болған даланың айқын үшбұрыш түрінде болғаны анықталған. Үшбұрыштың табанында Аңырақай қырқаларының солтүстік-шығыс баурайы, ал қос қанатында – ортасына бекіністі қамал (қазіргі Қалмақтөбе) салынған биік жарқабақты Қопалы және Сарыбұлақ өзендері жатыр. Осы үш тараптағы табиғи шекаралармен «Аңырақай үшбұрышы» мекендеушілер өз заманында сыртқы жау-лардан сенімді түрде қорғалып тұрған, тек солтүстік-шығыс жағы ғана, Қопалы, Қаракемер және Сарыбұлақ алқаптарының ең төмен әрі жазық бөліктері ғана қарсыластың қарулы жасақтары кіре алатындай біршама ашық болып қалған еді. Осы тау етегі аймағындағы жазық жолақпен Шу-Іле аймағының оңтүстік бөлігінен Қазақ даласының батыс аймағы мен солтүстік-батысына қарай, бекіністің шығысынан 8-10 шақырымдай жерден Үлкен Қалмақ жолы өткен. Тарихи қалыптасқан осынау көш және керуен жолы Еділ-Жайық аралығы мен жоңғар ургасын (ордасын) байланыстырып жататын. Міне сол жолда Аңырақай ауданы елеулі тораптық телім тәрізді рөл атқарып тұрды. Сонысымен қазақ үшін де, қалмақ үшін де үлкен әскери-стратегиялық маңызға ие болған-ды.

Мықты бекінісі бар «Аңырақай үшбұрышы» ауданы жоңғардың Солтүстік-Батыс Жетісуға орнатқан әскери-саяси бақылауының ең оңтүстігіндегі қуатты алғышепкі бекеті болатын. Жоңғардың 1653-1667 жылдар аралығында салынып, бертінде қазақтар арасында Қалмақтөбе аталып кеткен сол күшейтілген ірі бекінісі Аңырақай тауының солтүстігіндегі жазықта, Сарыбұлақ пен Қопалы өзендерінің аралығында, осы екі өзеннің биік жарқабақты арналары-

«АҢЫРАҚАЙ» ШАЙҚАСЫ

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері мемлекет тарапынан да, заңды және жеке тұлғалар тарапынан да тарихымыз зерделеніп, бұған дейін қол жетпей жүрген деректер, білмей жүрген рухани қазыналар жарыққа шыға бастады. Сол бір рухани қазынамыз, қазақ тарихының жарқын белесі – «Аңырақай» шайқасы.

нан бірдей қашықтықта – қос қанатындағы өзендерден арасы 18 шақырымнан болатын жерде орналасқан. Ғылымға бұрын белгісіз болып келген Жетісудағы осы Қалмақтөбе кешені ондағы қорғаныс қамалы мен өз әскерінің ұрыс жүргізуін жеңілдетуді, ал дұшпан үшін қиындатуды көздейтін барлық фортификациялық құрылысымен және оған жәрдемін тигізетін нысандарымен тұңғыш рет 2005-2007 жылдары Ирина Ерофееваның басшылығымен ашылып, ішінара зерттелді. Бас қолбасшы Әбілқайыр хан шешуші шабуылда қолданған әдісінде халықтың көпғасырлық дәстүрі бар «дала соғысы» орайындағы әскери ойға, оның «аңды жан-жағынан қаумалап аулау» тәсіліне сүйенген. Жауынгерлік соғыс қимылдарын әйгілі қазақ қолбасшылары мен батырлары қатысқан үш атты жасақ жүзеге асырды. Олардың екеуі Сарыбұлақ пен Қопалыдағы жауға өткел болары ықтимал жазық тұстарды торыды әрі Қалмақтөбе бекінісін шабуылдады. Шақпақты, білтелі мылтықтармен атқылай отырып, әуелі дұшпанның бекінісін басып алды, сосын бекіністің маңына топтасқан

және бекіністі тастап шыққан ойраттарды тықсыра қуып, тауға қашуға мәжбүр етті. Қашқан жауды Аңырақайдың орталық шатқалдарына бекінген садақшылар қарсы алды.

Аңырақай үшбұрышында соғыс қимылдарын жүргізу үшін қарсылас атты әскерлерге қажет түрлі шарт пен аймақтағы тіршілік сипатын ескере келіп, күрделі зерттеулер мен есептеулер жасау нәтижесінде, зерттеуші-ғалымдар атақты шайқасқа 2,5-3,3 мың қазақ сарбазы қатысты және өзінен саны басым ойратқа қарсы ұрысты екі-үш-ақ күнде жеңіспен аяқтаған. Яғни олар осы уақытқа дейін бекем қалыптасып кеткен деректерді – шешуші шайқасқа екі жақтан да кемі отызқырық мыңнан жауынгер қатысқандығын және ұрыстың бір жарым айдай уақытқа созылғандығын салқынқанды пайымдауларымен жоққа шығарады.

Марал Томпиев, Қазақстанның құрылыс материалдары өнеркәсібі қауымдастығының президенті, Халықаралық инженерлік академиясының академигі.

ДЕМІККЕН ДЕМПИНГ

Кедендік одақ елдері арасында баға демпингіне қатысты дау өткен жылдан бері басылмауда. Баға саясаты негізінен аграрлық, тамақ өнеркәсібі саласына қатысты болып тұрғаны белгілі. Ресей шекаралас жатқан ірі қалалардың базары мен сауда желілерінде бағаны қолдан төмендету әрекеті орын алған. Басты мақсат – бәсекелестердің тауарын сауда сөресінен ысырып тастап, жергілікті кәсіпорын жұмысын тиімсіз ету.

Бұл мәселе былтыр күзде «Кеден одағы және ДСҰ: келіссөз процестері туралы» атты тақырыпта өткен Мәскеу-Астана бейнекөпірі барысында да көтерілген болатын. Сол кезде Қазақстандағы Тау-кен өндіру және тау-металлургия кәсіпорындары қауымдастығының атқарушы директоры Николай Радостовцев Бірыңғай экономикалық кеңістік аясындағы монополияға қарсы заңнаманы біріздендіруді ұсынған-ды. Нақтырақ айтқанда, арада мынадай сөз болған: «Бірыңғай экономикалық кеңістік аясындағы соңғы бірнеше ай бойына ресейлік компаниялар тарапынан баға бойынша демпинг болып жатқанын байқап отырмыз. Яғни ресейлік компаниялар біздің нарықта тауарын Ресейдегіден 20-30-40 пайызға төмен саудалаған. Осы жағынан алғанда, отандық тауар өндірушілердің шағымы бойынша Қазақстан территориясындағы ресейлік компаниялардың бұл іс-әрекетін тергеуге мүмкіндік беретіндей Бірыңғай экономикалық кеңістік аясындағы монополияға қарсы заңнаманы дайындау керек секілді. Бұл жағдайды реттеу қазақстандық тауар өндірушілер үшін өте маңызды. Соңғы кездері еліміздегі Ресей импорты 30 пайызға артқанын статистика да айғақтап отыр. Сол секілді Ресейдің бірқатар органы тарапынан да тарифтік емес әрекеттер орын алуда. Соның салдарынан Ресей нарығындағы қазақстандық өнімнің үлесін арттыру мүмкін болмай тұр», – деген еді. Дегенмен көршіміз аталған мәселені реттеуге құлықты емес екендіктерін

білдірген-ді. Дәлірек айтқанда, сөздері сұйық боп шықты. Ресей Сауда-өнеркәсіптік палатасының вице-президенті Георгий Петров: «Бұл мәселе шешімі тек монополияға қарсы күрес органдары қызметіне ғана байланысты емес, бұл арада кәсіпкерлердің қауымдастығы мен бірлестігі маңызды рөл атқаруы тиіс, өйткені мен Қазақстандағы монополияға қарсы комитеттің құқығы мен функциясы қандай екенін білмеймін, ал біздегі монополияға қарсы агенттік басқа мемлекетте жұмыс істеп жатқан кәсіпорындарды тіркей алмайды, тіпті олардың жағдайын сараптауға да қысым жоқ. Түсінесіз бе, егер сатушыға және сатып алушыға тиімді болып тұрса, мемлекет бұл мәселені шеше алмайды» деп еді. Баға демпингі қазір жүк тасымалы саласында көрініс тауып отыр. Таяуда «Қазақстан теміржолы» АҚ ресейлік компаниялардың агрессивті демпингілік саясатын жоюды, керісінше, жергілікті операторларға артықшылық беруді өтініп, Көлік және коммуникация министрлігіне хат жолдапты. Ал Үкімет басшысы Серік Ахметовтен Жүк тасымалы операторлары вагондары қазақстандық қауымдастығы отандық паркті (жекеменшік 50 мыңнан астам вагонға ие) пайдалануды ынталандырушы артықшылықтарды қарастыратын жеңілдік жүйесін әзірлеуді сұрапты. Әзірге Үкімет тарапынан бұл мәселе шешіміне байланысты ресми мәлімдеме жараспаған. Соған қарамастан ресейлік тарап бірінші болып байбалам салып үлгерді.